	тк. 2.5 В) Web-технологиялар	Web-ресурстарды құру, қолдау және басқару үшін web-технологиялардың заманауи құралдарын және құралдарды зерттейді. Практикалық қызметте және қажетті міндеттерді тиімді шешу үшін тәсілдер мен құралдарды анықтау кезінде қазіргі заманғы аспаптық құралдарды пайдалану дағдылары мен іскерлігін қалыптастырады.		ОН 2 ОН 11 ОН 12
25	тк. 2.6 А) Басқару шешімдерін жасау	Басқару теориясындағы басқару шешімдерін қарастырады. Басқарушылық шешімнің мәні. Басқару шешімінің мәні мен сапасының түсінігі. Басқарушылық шешімнің сапасы мен тиімділігі. Менеджменттің ғылыми тәсілдерін басқару шешімдерін әзірлеуге қолдану. Басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде проблемалық жағдайларды зерттеуге жүйелік тәсілдің негізгі талаптары. Сыртқы және ішкі ортаның белгісіздік жағдайларының параметрлері.	5	ОН 8 ОН 9 ОН 12
	тк..2.6 В) Ақпараттық жүйелердің интерфейстері	Адам-машиналық өзара әрекеттесудің психологиялық аспектілерін, құру әдістері мен технологияларын, тиімді пайдаланушы интерфейстерін формальды сипаттау мен бағалауды зерттейді. Ол таным психологиясы, бағдарламалық қамтамасыз ету мен компьютерлік жүйелерді жобалау, эргономика және жүйелік талдау, процестерді басқару және өнеркәсіптік дизайн салаларындағы білімді біріктіреді.		ОН 2 ОН 8 ОН 9 ОН 12
26	тк.2.7 А) Мемлекет және бизнес	Аралас экономиканың қалыптасуы мен мемлекетті зерттейді. Экономиканы мемлекеттік басқару жүйесі және бюрократизм. Экономиканы мемлекеттік басқарудың ұйымдастырушылық негіздері. Мемлекет нарықтық қатынастарды ынталандырудың субъектісі ретінде.		ОН 5 ОН 8 ОН 9 ОН 10

		Кәсіпкерлікті дамытудың экономикалық негіздері. "Үкімет-Бизнес" қатынастарын реттеу және оның салиқалы елдердегі тәжірибесі. Экономикалық өсу мәселелерін шешуде және азаматтық қоғамды қалпына келтіруде мемлекеттің рөлі.	5	
	тк.2.7 В) Өндірістік менеджмент	Кәсіпорын менеджменті жүйесіндегі өндірістік менеджментті; Өндіріс және өндірістік жүйелерді; Өндірісті кешенді дайындау және жаңа өнімді игеруді; Өндірістік процесті ұйымдастыру және басқаруды; Кәсіпорынның өндірістік қуатын; Өндірістік бағдарлама және орындалуын қамтамасыз етуін; Өндірістік процестер мен өнімдердің сапасын басқаруін; Өндіріс ішіндегі материалдық ағындарды ұйымдастыруын сипаттайды.		ОН 9 ОН 10 ОН 11 ОН 12
27	тк. 2.8 А) Адам ресурстарын басқару	Еңбек қызметінің Адами ресурстарын қарастырады, адам ресурстарын басқару жүйесін ұйымдастыру әдістемесі, ұйымның кадрлық саясаты, ұйымның кадрлық жоспарлау, қызметкерлерді жалдау және қабылдау.	5	ОН 4 ОН 8 ОН 11
	тк.2.8 В) IT жобаларды әзірлеу құралдары	Жобаларды әзірлеу үшін бағдарламалық құралдардың жіктелуі мен аударылуын зерттейді; аспаптық бағдарламалық қамтамасыз етудің қолданылу бағытын, құрамын, әдістері мен құралдарын анықтайды; құралдарды пайдалану, оларды ақпараттық қамтамасыз ету мүмкіндіктері мен сипаттамаларын талдау.		ОН 2 ОН 3 ОН 9 ОН 12
28	тк.2.9 А) Іскерлік қарым-қатынас этикасы	Іскерлік қарым-қатынас этикасының негізгі ұғымдарын сипаттайды. Қарым-қатынас құралдары. Іскерлік қарым-қатынас формалары. Іскерлік адамның сөйлеу мәдениеті. Ресми-іскерлік жазбаша сөйлеу. Қызметтік құжаттардың стилі және ресімделуі. Іскерлік риторика. Қақтығыстар және оларды шешу жолдары. Қазіргі іскерлік этика.	6	ОН 7 ОН 11
	тк.2.9 В) Қызмет сфераларда және салаларда менеджмент	Мәселелерді қарастырады: қоғамдық өндіріс құрылымы; саланы бәсекелес талдау. Бәсекелестік күрес күшін анықтайтын факторлар. Саланың бәсекелестік құрылымын анықтайтын		ОН 5 ОН 8 ОН 11

		бес күш. Нарыққа кіру кедергілері: стратегиялық және стратегиялық емес. Бәсекелестік жағдайы бойынша нарықтардың типтері. Нарықты монополияландыру дәрежесін бағалау. Көрсеткіштерді сипаттау. Нарықтың бәсекелестік картасының мәні мен мақсаты.		
29	тк.2.10 A) New public management (Жаңа мемлекеттік менеджмент)	Ұйымның мәселелерін, теориясын және әдіснамасын (Мемлекеттік басқарудың ғылыми тәсілдері, қағидаттары, оның мақсаттары, міндеттері, функциялары мемлекеттік басқару жүйесінде өтетін процестер, басқару әдістері, олардың көмегімен мемлекеттің және оның түрлі деңгейдегі құрылымдарының міндеттері шешілетін, елді дамытудың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу қамтамасыз етілетін), басқару шешімдерін қабылдау процесін және басқару технологияларын қарастырады және зерделейді.	5	ОН 2 ОН 10
	тк.2.10 B) Start-up management (Старт-ап менеджмент)	Start-up –жобаларды және шағын бизнесті құру мен дамытудың ережесі мен заңдылықтарын және қазіргі Қазақстандағы оларды басқару ерекшеліктерін анықтайтын формальды және формальды емес институттардың өзара іс-қимыл мәселелерін, сондай-ақ ұлттық экономиканың даму басымдықтарына сәйкес стартап-жобаны іске асыру процесін ұйымдастыру мен басқаруды, бизнесті құру процесін жеделдетуге мүмкіндік беретін нақты жобаларды басқаруды зерделейді.		ОН 4 ОН 5
30	тк.2.11 A) Векторлық және растрлық графика негіздері	Компьютерлік графика негіздерін, графикалық ақпаратты алудың, сақтаудың, қайта құрудың негізгі әдістерін, тәсілдері мен құралдарын, графикалық ақпаратты өңдеу бойынша компьютерлік технологияларды үйренеді. Adobe Photoshop және Corel Draw графикалық редакторларымен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.	5	ОН 3 ОН 4 ОН 9 ОН 12
	тк.2.11 B) Big Data	Үлкен деректер технологиясын және оларды тәжірибеде қолдану ерекшеліктері мен перспективаларын зерттейді. Үлкен деректер технологияларын пайдаланудың технологиялық және экономикалық		ОН 3 ОН 4 ОН 9 ОН 12

		ерекшеліктерін, сондай-ақ ұйымда нақты пайдалану үшін қажетті инфрақұрылымды құру нұсқаларын зерттейді.		
Цикл профилирующых дисциплин Вузовский компонент/Компонент по выбору				
31	Тайм менеджмент	Қазіргі ұйымды басқару үшін уақыт факторының мәні. Қазіргі заманғы менеджерлердің уақытты басқару процесіндегі типтік қателіктері, оларды талдау. Уақытты тиімді пайдаланудың негізгі принциптері. Ереже жеке ұйымшылдық және өзін ұстай білу. Уақытты пайдалануды есепке алу және талдау әдістері, осы әдістердің ұйым қызметін жетілдіруге әсерін сипаттайды	6	ОН 8 ОН 11
32	тк. 3.1 А) Ұйымдастырушылық тәртіп	Қазіргі заманғы жай-күйі мен даму үрдістері туралы түсініктерді ашады; адам орталығына қоятын ұйымдастыру жүйелерінің жобаларын әзірлеудің ықтимал сызбаларын, оның қабілеті мен қажеттіліктерін ұсынады; қызметкерлердің, топтардың, ұйымдардың мінез-құлқын сипаттау әдістерін ашады;ұйым жұмысының тиімділік критерийлеріне сәйкес индивидтің, топтың мінез-құлқын өзгерту тәсілдерін көрсетеді.	6	ОН 3 ОН 7 ОН 11
	тк. 3.1 В) С++ бағдарламалау	Абстрактілі деңгейде жобаларды сипаттау мен қолдаудың заманауи құралдарын пайдалана отырып, күрделі бағдарламаларды әзірлеу дағдыларын игереді, объектілі-бағытталған бағдарламалау әдіснамасын қолдана отырып, процедуралық-бағытталған тілде бағдарламаларды құрудың заманауи технологияларын зерттейді.		ОН 2 ОН 11 ОН 12
33	тк. 3.2 А) Кәсіпорын қызметін ұйымдастыру	Келесі сұрақтарды қарастырады: өндірістік процесс және өндірістің ұйымдастыру түрлері. Уақыт пен кеңістікте өндірістік процесті ұйымдастыру. Өндірістік үрдіске қызмет көрсетуді ұйымдастыру. Өндірістің ұйымдастыру негіздері. Еңбек үдерістері мен жұмыс орындарын ұйымдастыру. Өндірістік үрдіске қызмет көрсетуді ұйымдастыру. Жаңа өнім өндірісін кешенді дайындау.	5	ОН 2 ОН 3 ОН 8 ОН 12

	тк. 3.2 В) Шешімдерді қолдаудың инструменттік құралдары	Жобаларды әзірлеу үшін бағдарламалық құралдардың жіктелуін зерттейді; аспаптық бағдарламалық қамтамасыз етудің қолданылу бағытын, құрамын, әдістері мен құралдарын анықтайды; құралдарды пайдалану, оларды ақпараттық қамтамасыз ету мүмкіндіктері мен сипаттамаларын талдау.		ОН 2 ОН 3 ОН 7 ОН 12
34	Стратегиялық менеджмент	Стратегиялық менеджменттің түсінігі және мәнін; Стратегиялық менеджменттің әдіснамалық негіздерін; Стратегиялық менеджменттің негізгі кезеңдерін; Стратегиялық басқару шешімдерін әзірлеуін; Ұйымның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін; Стратегиялық жоспарлау процессін; Стратегиялық талдауын; Стратегиялық позицияларды талдау және таңдау рәсімін; Бәсекелестік талдау әдістерін; Фирманың экономикалық стратегиясы және оның құрамдастарын; Фирманың маркетингтік стратегиясын; Стратегияны іске асыру процесін басқаруын сипаттайды..	5	ОН 3 ОН 5 ОН 8 ОН 11
35	тк. 3.3 А) Жобаларды басқару	Келесі сұрақтарды қарастырады: жобалық басқару ерекшеліктері, Ақпараттық технологиялар саласындағы Жобаларды басқару әдістері; жобалық тәсілді басқаруда қолдану, жобалық командаларды құру және басқару дағдыларын қалыптастыру; жобалық басқаруды қамтамасыз ететін заманауи ақпараттық жүйелерді қолдану.	5	ОН 2 ОН 3 ОН 11 ОН 12
	тк. 3.3 В) Муниципалдық менеджмент	Муниципалдық менеджментті ғылыми пән ретінде зерттейді. Муниципалдық басқарудың даму тарихын, жергілікті өкілетті және атқарушы билік органдарының өзара қарым-қатынасын, жергілікті басқару органдарының жұмысында жоспарлауды, жергілікті басқарудың экономикалық тетігін қарастырады.		ОН 9 ОН 10
36	тк. 3.4 А) Қазақстан экономикасын басқару	Келесі сұрақтарды қарастырады: Қазақстан экономикасын басқарудың саяси-экономикалық негіздері. Қазақстандағы аймақтық басқару. Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру ұлттық бағдарламасы. Экономиканы басқару әдістері.	5	ОН 2 ОН 10 ОН 11

		Қазақстандағы кәсіпкерлік басқармасы. Шағын кәсіпкерлікті дамыту. Адам ресурстарын басқару. Қоғамдық өмір сүру салаларын мемлекеттік басқару. Сыртқы экономикалық қатынастардың қалыптасуының мемлекеттік басқармасы		
	тк.3.4 В) Ақпараттық менеджмент	Описывает сущность информационного менеджмента в широком и узком смыслах. Студент будет иметь базовые представления о наиболее перспективных технологиях создания, приобретения, внедрения и эффективного использования корпоративных информационных систем; принимать участие в разработке современной информационной инфраструктуры предприятия обеспечивающей лидерство предприятия на рынке и тем самым его дополнительную капитализацию.		ОН 7 ОН 8 ОН 11 ОН 12
37	IT жобаларды басқару	IT-жобаларды басқару кезінде туындайтын мәселелерді шешудің теориялық негіздерін, іскерлігін және практикалық дағдыларын қалыптастырады. Автоматтандырылған жүйелерді (ӨБАЖ) пайдалана отырып, экономиканың түрлі салаларындағы жобаларды тиімді басқару іскерліктері мен практикалық дағдыларын әзірлейді.	5	ОН 2 ОН 4 ОН 12
38	тк.3.5 А) Бизнесті ұйымдастыру	Бизнес түсінігі, даму тарихын зерттейді. Бизнес түрлерін жіктеу. Бизнесті жүргізу нысандары. Бизнес субъектілерін тіркеу тәртібі. Кәсіпорынның банкроттығы және таратылуы. Бизнес инфрақұрылымын құрудың объективті қажеттілігі. Бизнес инфрақұрылымының элементтері. Кеден жүйесі. Кеденнің анықтамасы және функциялары. Бизнестің салық жүйесі. Бизнестегі менеджменттің негізгі принциптері. Бизнестегі персоналды басқару және іскерлік этика. Бизнес-жоспарлау негіздері.	5	ОН 5 ОН 8 ОН 9 ОН 11

	тк.3.5 В) Ақпараттық жүйелердегі деректер базасы	Деректер қорын жобалау методологиясының негіздерін зерттейді: иерархиялық, желілік және реляциялық деректер қоры мысалында тұжырымдамалық, логикалық және физикалық жобалау. Деректер базаларын сипаттау, манипуляциялау тілдерінің негіздерін, сондай-ақ сұраныстарды жасау тілдерін, архитектураны, деректер базасының жүйелерін жобалаудың негізгі тәсілдерін және қолдану аясын үйренеді.		ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 12
39	Өндірістік іс-тәжірибе	Студенттер оқу сабақтарының бұл түрін олардың мамандықтарына сәйкес кәсіпорындар мен мекемелерде өтеді.	15	ОН 5 ОН 8 ОН 9 ОН 10 ОН 11 ОН 12
40	Дипломалды іс-тәжірибе	Студенттердің қоғаммен байланыстағы іс жүзінде бар мәселелерді шешу қабілеті мен іскерлігін ашатын жұмыс кезеңдерін қарастырады.	3	ОН 2 ОН 3 ОН 12
41	Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	Дипломдық жұмыс жоспарын немесе жұмыс бағдарламасын құрудан басталады. Жоспар ғылыми жетекшімен келісіледі. Дипломдық жұмыс кіріспеден, негізгі бөлімнен және қорытындыдан, сонымен қатар әдебиеттер тізімінен тұрады. Қажет болған жағдайда диплом жұмысының тақырыбын ашу логикасы Қосымшаларының болуына жол беріледі.	12	ОН 3 ОН 4 ОН 7 ОН 10 ОН 11 ОН 12

2.3 Қосымша білім беру бағдарламалары (Minor)

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ түлектерінің еңбек нарығында бәсекеге қабілеті болуы үшін, сондай-ақ олардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін аралас және бейіндік ББ бойынша қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында студенттерге Minor бағдарламасының бірін таңдау ұсынылады.

Minor бағдарламасының тізімі, олардың қысқаша сипаттамасы, пәндер құрамы және қалыптастыратын оқу нәтижелері Қосымша білім беру бағдрламаларының (Minor) каталогында беріледі.

2.4 Оқу үдерісінде пайдаланылатын инновациялық технологиялар мен оқыту әдістері

6В04088 – Ақпараттық ресурстарды басқару ББ бойынша түлектердің түйінді құзыреттіліктері мен оқу нәтижелерін қалыптастыру мақсатында профессор-оқытушылар құрамы төмендегідей инновациялық технологиялар мен оқыту әдістерін пайдаланады::

1. Пәндік оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)

2. Пәнді оқытудағы тұлғалық-бағытталған технологиялар
3. Студенттің білім беру сапасын басқару және оқу үдерісін ақпараттық-аналитикалық қамтамасыз ету
4. Зияткерлік даму мониторингі
5. Тәрбие технологиялары қазіргі заманғы студентті қалыптастырудың жетекші механизмі ретінде
6. Дидактикалық технологиялар ББ оқу процесінің даму шарты ретінде анықталады

Оқу-тәрбие үдерісіне инновациялық технологияларды енгізуді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу (портфолио технологиясы))

2.5 Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған білім беру бағдарламасын іске асыру ерекшеліктері

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар контингентінде ерекше білім алу қажеттілігі бар тұлғалар болған жағдайда білім беру бағдарламасы білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктеріне бейімделеді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар үшін олардың денсаулық жағдайын ескере отырып, "Дене шынықтыру" пәнін игерудің ерекше тәртібі белгіленеді. Денсаулығында мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар үшін іс-тәжірибеден өту орындарын таңдау білім алушылардың денсаулық жағдайын және қол жетімділік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. ЖОО-да ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың жеке психофизикалық ерекшеліктерін ескереді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар олардың денсаулығын шектеуге бейімделген нысандарда баспа және (немесе) электрондық білім беру ресурстарымен қамтамасыз етіледі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды әлеуметтік бейімдеу үшін үздіксіз және кешенді сипатқа ие жеке сүйемелдеу қарастырылған. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды алып жүру білім беру үдерісінің мақсаттарымен, мазмұнымен және әдістерімен анықталады, қажетті құзыреттілікті уақтылы қалыптастыруға кедергі келтіретін білім беру бейімделуінің пайда болған мәселелерінің алдын алуға бағытталған.

Сүйемелдеу қамтиды:

- инклюзивтік оқыту жағдайындағы оқу процесінің кестесіне сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқуын бақылауға бағытталған ұйымдастырушылық-педагогикалық сүйемелдеу;

- оқыту, қарым-қатынас және әлеуметтік бейімделуде проблемалары бар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу білім алушының жеке басын зерделеуге, дамытуға және түзетуге және құзыреттілікті қалыптастырудың тәсілдері, психодиагностикалық әдістер, тұлғалық бұрмалауды психологиялық алдын алу және түзету көмегімен бағытталған;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың бейімделу мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған міндеттерді шешуді көздейтін алдын-ала отырып, сауықтыра сүйемелдеу;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың табысты оқуына байланысты әлеуметтік сипаттағы міндеттердің кең спектрін шешетін әлеуметтік қолдау. Тұрмыстық мәселелерді шешуге, жатақханада тұруға, көлік мәселелеріне, әлеуметтік төлемдерге, материалдық көмек көрсетуге, бос уақытын, жазғы демалысты ұйымдастыруға, оларды студенттің өзін-өзі басқаруға, тартуға, еріктілер қозғалысын ұйымдастыруға және т.б. ықпал етеді.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ

3.1 Кадрлық ресурстар

Білім беру бағдарламасын есеп және қаржы кафедрасы іске асырады. Білім беру бағдарламасына қызмет көрсететін ПОҚ-тың (базалық және кәсіптендіруші циклындағы пәндер) сандық және сапалық көрсеткіштері:

ПОҚ жалпы саны– 19 адам., оның ішінде:
Ғылым докторы – 2
Ғылым кандидаты – 10
Философия докторы (PhD) – 2
Магистр – 5
Кафедраның ғылыми әлеуеті – 74%

Мемлекеттік басқару және менеджмент кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамының сипаттамасы Кадрлық анықтамалықта берілген.

3.2 Материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі

1) Кітапхана қоры және кітапханалық қызмет көрсету

Жоғары оқу орнында сапалы білім беру қызметін іске асуырудың міндетті кепілі ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуі болып табылады.

Ақпараттық ресурстардың маңызды бөлігі өркениеттің ежелгі және маңызды негізі, көптеген ұрпақтың құнды білім мен рухани мудость, ұлттық жад, мәдени және ғылыми мұрасы – кітапхана қоры болып табылады.

6В04088 – Ақпараттық ресурстарды басқару ББББ бойынша 2020 жылдың 05 мамырындағы жағдайға жалпы кітапхана қоры 2502 дана, оның ішінде мемлекеттік тілде - 1060, 1417 – орыс тілде, шет тілінде - 25.

Университеттің кітапханасында ПОҚ пен білімгерлерге Web of Science, Elsevier, Scopus, Polpred.com, КазНЭБ, THOMSOH REUTERS – www.webofknowledge.com, Эпиграф, НЦГНТЭ, Единая электронная библиотека – www.elibrary.kz мәліметтер базасы қолжетімді.

ҚР ЖОО-дарының электронды білім беру және ғылыми ресурстарын біріктіретін республикалық ЖОО аралық электронды кітапханаға (РМЭБ) қолжетімділік қамтамасыз етілген.

Қазіргі таңда кітапханада Электронды каталог: «Кітаптар», «Мерзімді басылымдар», «Электронды басылымдар», «Авторефераттар», «Брошюралар», «Ноталар», «Мақалалар» библиографиялық мәліметтер базасы жасалған. Кітапханада көпдеңгейлі ақпараттық Web-сайт: http://www.zhgu.edu.kz/ құрастырылған.

2009 ж. бастап кітапханадағы электронды каталог барынша жетілдірілген «Қазақстандық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйеде» («КАБИС»: АРМ «Комплектование», АРМ «Каталогизатор», АРМ «Администратор») іске асырылады. Кітапханадан тыс орналасқан оқырмандар каталогты университеттің локалды компьютерлік желісіне қосылған, кез келген компьютерден көре алады.

Кітапханада университеттің корпоративтік желісінде жұмыс істейтін «ЖМУ-дың кітапхана қоры» электронды базасы қолжетімді. Бұл базада 3802 мәтіні толық ашылатын кітап, «Эпиграф» баспасынан сатып алынған 2600 кітап бар. «Элар» планетарлық сканерінің ең соңғы нұсқасы кітап, каталог, журнал, газет, тарихи құжаттарды сапалы түрде сканерлеп, электронды базаны толықтыруға мүмкіндік береді.

Кітапханада көпқызметті электронды ресурстар залы ашылған, WiFi аймақ құрылған, ақпаратты өңдеу үдерісінің бағдарламалық қамсыздандырылуы үнемі жаңартылып отырады.

Оқырмандарға 87 автоматтандырылған жұмыс орындарымен жабықталған 5 зал қызмет көрсетеді.

Кітапхана оқырмандарының абономенттен оқулықтарды, ғылыми және көркем әдебиеттерді үйге алуға, сондай-ақ кітаптарды ашық, қолжетімді түрде іздеуге, ақпарат көздерін таңдауға мүмкіндіктері бар. Ол білімгерлердің кәсіби іздеу дағдысын дамытады, дүниетанымын кеңейтеді және кітап оқуға қызығушылығын тудырады.

2) Жатақхана

Қазіргі таңда университеттің 524 орындық 2 студенттік жатақханасы бар. Жатақханада студенттерге өмір сүру мен оқу үшін қолайлы жағдай жасалған: санитарлық тораппен жабдықталған тұрғын үй секциялары, теледидары бар демалыс бөлмелері, оқу және компьютерлік залдар, душ және кір жуатын орын, электр пештерімен жабдықталған тұрмыстық бөлмелер бар.

Белсенді студенттер қатарынан сайланатын студенттік кеңес жатақханадағы қоғамдық және мәдени өмірді ұйымдастырумен айналысады. Жатақханада тұратын студенттердің электронды базасы жасалған. Жатақханадағы орындарды бөлгенде ата-ана қамқорлығынсыз қалған (жетім) студенттердің өтініші алдымен қаралады және тегін жатақханамен қамтамасыз етіледі. Мақсатты даярлықпен оқитын магистранттар мен докторанттар жатақханамен толық қамтылған.

3) Қашықтықтан оқыту технологиясы (ҚОТ).

Білімгерлерге жоғары білім беру бағдарламасын тұрғылықты мекенжайлары бойынша игеруге мүмкіндік беру үшін І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде 2011 жылдан бастап қашықтықтан оқыту енгізілген.

Қашықтықтан оқыту – оқыту үдерісін іске асыруға, білімді бақылауға, онлайн прокторинг жүргізуге, іс-тәжірибеден өтуге, білімгер мен оқытушының жанама түрде өзара әркетінде консультация алуға мүмкіндік беретін заманауи ақпараттық-коммуникативтік және білім беру бағдарламаларының жиынтығы арқылы қамтамасыз етіледі

Қашықтықтан оқыту технологиясы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім негізінде қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын студенттерге қатысты қолданылады.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру үшін университетте білімгерлерге арналған оқу-әдістемелік, тестілеу және ұйымдастыру-әкімшілік ақпараттар қамтылған ақпараттық-білім беру порталы құрылған.

Оқу жоспарындағы қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша іске асырылатын барлық пәндер бойынша білімгерлерді оқу-әдістемелік материалмен қамтамасыз ету үшін кафедра оқытушылары электронды оқу-әдістемелік кешендер, электронды кітаптар құрастырады, бейнедәрістер дайындайды.

Өзара оқу әрекетін шынайы уақыт режимінде іске асыру үшін университетте сабақты «on-line» режимде өткізуге мүмкіндік беретін арнайы мультимедиалық дәрісхана ашылған.

4) Тегін қосымша білім алу мүмкіндігі

Өзінің біліктілігін арттырғысы келетін немесе қосымша білім алғысы келетін студенттер үшін университетте Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығы ашылған.

Университет білімгерлері орталық базасында ағылшын тілі бойынша дайындық курстарына және ағылшын тілін білу деңгейін халықаралық деңгейде растау үшін – IELTS-қа дайындалу және тапсыруға дайындық курстарына тегін қатыса алады.

Ағылшын тілінде сөйлеу дағдысын дамыту, сөздік қорын байыту, мәдениетаралық кәсіби-бағдарлы қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру үшін орталық жанынан «Lagoon of English» клубы ашылған. Клуб жұмысына еріктілер – тілді тасымалдаушылар қатысады.

Орталық жанынан «Робототехника» кабинеті ашылған. Онда жұмыс істеуді қалаған кез келген студент сабақтан бос уақытта роботтандырылған құрылымдар мен механизмдерді құрылымдай және бағдарламалай алады.

Орталық педагогикалық қызметкерлер мен ғылым мен білім берудің негізгі басымдыққа ие бағыттары бойынша қызмет ететіндердің барлық санаттарына арналған оқу семинарлары мен курстарын ұйымдастырады және өткізеді, сертификаттар табыстайды.

5) Кәсіпкерлік құзыреттіліктеді дамыту

Университетте студенттер мен жас ғалымдардың кәсіпкерлік құзыреттіліктерін дамыту үшін Ғылыми зерттеулер нәтижесін коммерциализациялау офисі ашылған, оның жанында «Start-Up Academy ZHGU» құзыреттіліктер орталығы табысты қызмет атқаруда.

«Start-Up Academy ZHGU» – мектеп оқушысы, студенттер, бизнес-тренерлер, кәсіпкерлер, инвесторлар, мемлекеттік билік өкілдерін және басқа да мүдделі тұлғаларды біріктіретін платформа. Академия ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлерге консалтингтік және ақпараттық қолдаудан бастап инвестор тартуға дейін кешенді көмек, қаржылық бағдарламарға қатысу немесе мемлекеттік грант ұту үшін өтінім толтыруда тегін көмек көрсетеді.

Академия Алматы облысы жастары үшін инновациялық және кәсіпкерлік қызметті дамыту, кіші және орта бизнес субъектілер санын арттыру бойынша барлық қажетті инфрақұрылымды ұсынады. Академияда оқу тренингтері мен семинарлар өткізіледі, мақсатты түрде стартап жобаларды іздеу, іріктеу және дамыту, сондай-ақ стартаптарды дамыту мәселелері және кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау, тәлімгерлікті ұйымдастыру, сараптамалық көмек көрсету, гранттық конкурстар өткізу мәселелері бойынша кеңес беріледі.

6) Салауатты өмір салтын ұстану және спортпен айналысу

Университеттің жастары үшін спортпен айналысу және салауатты өмір салтын ұстану үшін қолайлы жағдай жасалған. Студенттер сабақтан бос уақытта спорттың бірнеше түрі бойынша спорт залдары мен секцяларында тегін жаттыға алады.

Бұл бағытта университеттің Спорт клубы белсенді жұмыс атқарады, олар салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру және насихаттаумен, студенттерді өздері таңдаған спорт түрлері бойынша қабілетін шыңдаумен, спорттық және сауықтыру шараларын ұйымдастыру, жастардың әртүрлі деңгейдегі спорттық жарыстарға қатысуын ұйымдастыру жұмыстарымен айналысады.

Университеттің спорт базасы – стандартты футбол алаңы, ұзындыққа секіруге арналған секторлары, граната лақту және жүгіруге арналған жол, бокс, гимнастика, күрес және тренажерлік залы бар көпқызметті стадион, заманауи спорттық жиһаздармен жабдықталған «Қарлығаш» және «Құлаге» туристік базасы.

7) Әлеуметтік-мәдени орта және тұлғалық (жеке) шығармашылық қасиетті дамыту

Қазіргі таңда университетте мамандар дайындау ең жоғары білім беру стандарттарына сай, әмбебаптық сипатқа ие, маманның кәсіби шеберлігі мен тұлғалық дамуының негізі ретінде түйінді құзыреттіліктерінің қалыптасуын қамтамасыз ететін болуы керек.

Университетте әлеуметтік өзара әрекет құзыреттіліктерін, белсенді өмірлік позициясын, жүйелі-әрекеттік сипаттағы азаматтық өзіндік сана, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару, қалыптастыру үшін қолайлы жағдай жасалған.

Студенттердің әлеуметтік-мәдени ортада шығармашылық белсенділігін дамыту мәселелерімен Мәдени-көпшілік іс-шаралар бөлімі, Тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі бөлім және Жастар орталығы айналысады.

Студенттердің әртүрлі шығармашылық қабілеттерін шыңдау үшін төмендегідей құрылымдар қызмет етеді:

- Қазақстан халықтарының ассамблеясы кафедрасы;

- «Шағала» (халықаралық конкурстар жеңімпазы) және «Құлагер» бишілер ансамблі;
- «Жас түлек» студенттер театры;
- «Ілиястың сөз құлагерлері» пікірсайыс клубы;
- «Алау», «Rise up», «Күш-жігер», «Аяла», «Қамқор» еріктілер клубы;
- «Амиго», «Физмат», «Креатив», «Доллар» КТК командалары;
- «Жас журналист» клубы;
- «Мизам» әдеби клубы;
- «New generation» интеллектуалды клуб;
- «Жас Отан» жастар қанаты;
- «Жасыл Ел» еңбек жасағы;
- «Жас қыран» қоғамдық полиция көмекшілерінің бірлестігі;
- «Ерлік» әскери-патриоттық клуб;
- «Қызықты психология» клубы және т.б.

8) Интернет және Wi-Fi-ға қолжетімділік

Университет қуатты техникалық қамсыздандыруға ие – 65 мультимедиалық тақта және 1171 компьютер, оның ішінде 87-сі кітапхананың оқу залдарында, оқу корпустарында, жатақханаларда орналасқан және еркін қолжетімді. Университеттің барлық компьютерлерінде жаһандық Интернет желі еркін түрде қолжетімді, оның жылдамдығы 300 мб/с құрайды. Жылдамдығы 100 мб/с тегін WiFi қамтамасыз етілген.

9) Оқу үдерісін цифрландыру

Университетте оқу үдерісін цифрландыру, ақпараттандыру, автоманттандыру үшін заманауи аппараттық-бағдарламалық құралдар пайдаланылады.

Университет қызметінің (білім беру, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік-тәрбиелік) негізгі үдерістерін автоматтандыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдармен қамтамасыз етілген және жабдықталған.

Университеттің ақпараттық жүйелерді құрастыру және енгізу бөлімі төмендегідей бағдарламалық қамсыздандыруларды жасап, енгізген: «Қабылдау комиссиясы», «Білімгерлерді есепке алу және қозғалысын бақылау», «Пәннің оқу-әдістемелік кешені», «Пәнге тіркелу», «Сабақ кестесі», «Білімгерлер білім сапасын бақылаудың электронды журналы», «МАК/МКЕ», «Компьютерлік тестілеу», «Транскрипт», «Диплом қосымшасы», «Автоматтандырылған қашықтықтан оқыту жүйесі», «ЖМУ кітапхана қоры», «Қызметкерлерді басқару бөлімі», «Perco-20S қызметкерлердің жұмыс уақытын есепке алу жүйесі» және т.б.

Университеттің негізгі қызметтерін цифрландыру, автоматтандыру, оңтайландыруға, сондай-ақ оқудың әр кезеңінде жеке кабинет арқылы оқытушы мен білімгердің өзара әрекетін сапалы түрде қамтамасыз етуге тиімді, тұтынушыларға бағытталған жаңа "Smart ZhetySU» платформасы әзірленді.

10) Баспа қызметі

Жоғары оқу орнының сапалы және тиімді оқу және ғылыми қызметін сенімді баспалық қолдаусыз іске асыру мүмкін емес. Сондықтан оқу-әдістемелі құралдарды, ғылыми жұмыстар мен біліктілік арттыруға полиграфиялық өнім дайындау үшін университетте баспа бөлімі қызмет етеді.

Университеттің баспа бөлімі – бұл кеңейтілген қызмет көрсету кешені мен өнімнің толық полиграфиялық циклын қамтитын заманауи баспа-полиграфиялық кешен.

Университеттің ғылыми, оқу, әдістемелік, анықтамалық өнімдерін шығаруға бағытталған іс-шаралар кешені мен ұйымдастыру-техникалық жұмыстар университеттің өз материалдық-техникалық ресурстары базасында іске асады. Жұмысты қазіргі талаптарға сай орындау үшін барлық жағдайлар жасалған.

Баспа бөлімі кітап, брошюра, буклет, проспектілерді жоғары сапалы сандық түрде шығаруға арналған заманауи компьютерлік және баспа техникасымен қамтамасыз етілген. Баспа бөлімінің заманауи құрылғылары өте қысқа мерзімде жоғары сапалы бланкілік және полиграфиялық өнімдерді шығаруға мүмкіндік береді.

Баспа бөлімі сонымен қатар ақпараттық-жарнамалық, имидждік-жарнамалық және презентацялық полиграфиялық өнімдерді (жылына 500-ге жуық аталым) шығарады.

4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ДАМУ ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралардың мазмұны	Іске асыру мерзімі	Жауаптылар
Оқу-әдістемелік бағыт			
1	«Бизнесті басқару» оқу құралын шығару	ақпан-наурыз 2020	Байтаева Г.Р., Султанова Г.С., Аяжанова М.К.
2	«Тайм менеджмент» оқу құралын шығару	наурыз-сәуір 2020	Нургисаев С.О. Байтаева Г.Р., Сырлыбаева М.Т. Сюбебаева Ж.К.
3	«Дағдарысқа қарсы менеджмент» оқу құралын шығару	мамыр-маусым 2020	Байтаева Г.Р., Абильшаиков Н.Б. Кылышпаева Б.Х.,
4	«Мемлекеттік басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» оқу құралын шығару	мамыр-маусым 2020	Сериев Б.А., Султанова Г.С., Гусенов Б.Ш.
Ғылыми-зерттеу бағыты			
1	«Қазіргі кезеңдегі менеджменттің өзекті мәселелері»	01.01.2020-31.12.2021	Кылышпаева Б.Х.
2	«Шағын және орта бизнестегі экономикалық саясат»	01.01.2020-31.12.2021	Байтаева Г.Р.
Тәрбиелік бағыт			
1	Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы өкілдерімен «Өлкетану – рухани жаңғырудың негізі» атты тақырыбына кездесу ұйымдастыру	Қыркүйек-қазан 2020	Байтаева Г.Р., Мулдоканова Ш.С.
2	«Құқықтық мәдениет – сыбайлас жемқорлықпен күрес» тақырыбында кураторлық сағаттар өткізу	Қараша-желтоқсан 2020	Байтаева Г.Р., Мулдоканова Ш.С.
Біліктілік арттыру			
1	Тіл курстары	2021 ж.	Кыдырбаева Э.О.-IELTS, Мусина Т.С. - Pre-Intermediate Сюбебаева Ж.К. – Pre-Intermediate Султанова Г.С. – Elementari Бекметова А.К. – Elementari
Кәсіптік бағдар жұмысы			

1	Өткізу мектептерінде кәсіби бағдар жұмыстарын Талдықорған қаласының және өңірдің (Квест-ойыны)	Қаңтар-наурыз 2021	Байтаева Г.Р.
Жұмыстың басқа да бағыттары			
1	"Жетісу" басқару мектебінде студенттердің қосымша кәсіби дайындығы»	2020-2024 жж.	Байтаева Г.Р.